

"АЗЫҚ-ТҮЛІК КОРПОРАЦИЯСЫ" ҰК" АҚ

Қазіргі уақытта Азық-түлік корпорациясы ӘМАТ-тың тұрақтандырылатын 10 түріне (ұн, нан, түтік кеспе, сиыр еті, тауық еті, жұмыртқа, сүт, айран, май, сүзбе) қосымша ӘМАТ-тың 3 түріне - қарақұмық жармасы, күріш және күнбағыс майына бағаны тұрақтандыруға қатыса алады.

Осылайша, Азық-түлік корпорациясы ауыл шаруашылығы өнімдерінің номенклатурасы мен көлемін біртіндеп кеңейтетін болады, сондай-ақ арзандатылған азық-түлік пен жемдік астықты өткізу көлемін ұлғайтатын болады.

Азық-түлік корпорациясы шикізат пен дайын өнімнің бағасын белгілеу бойынша міндетті шартпен Корпорация, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (бұдан әрі - АШТӨ) мен қайта өңдеу кәсіпорны арасында шикізатты (күнбағыс тұқымы, күріш және қарақұмық) 3 жақты форвардтық сатып алуды енгізуді жоспарлап отыр.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді қолдау үшін Азық-түлік корпорациясы АШТӨ-ні кейіннен көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін белгіленген бағадан 70% мөлшерінде аванс төлей отырып, жеңілдікті шарттармен (пайызсыз қаржыландыру және тұрлаулы кепілге қойылатын талаптардың болмауы) АШТӨ-ні қаржыландыратын болады. Бағаны белгілеу АШТӨ тәуекелдерін жоғары өнімділіктен немесе басқа елдер тарапынан бағаның демпингінен туындауы мүмкінауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаның күрт төмендеуінен сақтандыруды қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауды қамтамасыз ету үшін Азық-түлік корпорациясы қайта өңдеу кәсіпорындарын осы тетікке тартуды көздейді. Осылайша, егін жинағаннан кейін АШТӨ ауыл шаруашылығы өнімін (шикізатын) тікелей қайта өңдеу кәсіпорнына сақтауға береді және Азық-түлік корпорациясынан белгіленген бағаның 30% мөлшерінде қалған сомадан қосымша ақы алады. Қайта өңдеу кәсіпорны өз кезегінде келесі егінге дейін өз кәсіпорнының жүктемесін алады, өйткені ол шикізатты өз өндірісінде сақтайды, дайын өнімді бір жыл ішінде өндіріп, сатады және дайын өнімді сату фактісі бойынша шикізат үшін Корпорациямен есеп айырысады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуді қамтамасыз ету үшін Азық-түлік корпорациясы форвардтық сатып алу бойынша жасалған келісімшарттар шеңберінде көлемдерді кепілді түрде сатып алады.